

"Қазақстанның Инвестициялық қоры" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 501 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" туралы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген 100 пайыз мемлекеттің қатысуымен "Қазақстанның Инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) құрылсын. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 қаулысымен .

2 . М ы н а л а р :

1) шикізаттар мен материалдарды тереңдетіп өңдеуді жүргізетін, қазіргі заманғы және озық технологияларды пайдалана отырып бәсекеге қабілетті әрі табысты өнім шығаратын, сондай-ақ өнеркәсіптің перспективалы кәсіпорындарына өндірістік қызметтер көрсететін жаңадан құрылатын, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жарғылық капиталына инвестицияларды жүзеге асыру;

2) инвестициялардың көлемін кеңейту жолымен Қазақстан Республикасында корпоративтік бағалы қағаздар рыногының дамуын ынталандыру, сондай-ақ қор рыногының қазіргі заманғы құралдарын қолдану үшін жағдайлар жасау;

3) Қордың кәсіпорындардың жарғылық капиталына және оларды басқаруға қатысуы есебінен ықтимал инвесторлар үшін кәсіпорындардың тартымдылығын арттыру ;

4) отандық және шетелдік кәсіпорындардың арасында өндірістік кооперацияны қамтамасыз ету, толықтыратын, сабақтас өндірістерді дамыту үшін шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру ;

5) шетелдегі қазақстандық кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу ;

6) халықаралық тәжірибе мен стандарттарды қолдану негізінде инвестициялық портфельдерді басқарудың озық практикасын әзірлеу;

7) Қордың инвестициялық жобаларына қатысу үшін менеджерлерді даярлау Қор қызметінің негізгі міндеттері болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) Қордың жарғысын және инвестициялық декларациясын бекітуді, Қордың әділет

органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) республикалық бюджет қаражаты есебінен 23 000 000 000 (жиырма үш миллиард) теңге сомасында Қордың жарғылық капиталының акцияларына ақы төлеуді және мынадай мекен-жай бойынша: Алматы қаласы, Зеньков көшесі, 80 орналасқан фирмартты беруді; < * >

3) "Қазақстанның Инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуді;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.11. N 566 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қор акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын берсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) < * >

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-85-жолмен толықтырылсын:

"123-85. "Қазақстанның Инвестициялық қоры АҚ";

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 217-5-жолмен толықтырылсын:

"217-5. "Қазақстанның Инвестициялық қоры" АҚ".

ЕСКЕРТУ. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119 қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК